

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Сондықтан «Мультитран» сөздігіндегі *mentally challenged, horizontally challenged, physically challenged* (ақыл есі кем, семіздікке шалдыққан, мүгедек) сөз тіркестеріне эвфемистік емес аударма ұсынылғандығы үлкен мәселе.

Жоғарыда аталғандардың көп бөлігі тілде бекітілген эвфемистік тіркестер мен эвфемистік сөздер болып табылады, және сондықтан да оның сөздік қорының бір бөлігі. Бірақ эвфемизмдер «бір жолға ғана» жасалуы да мүмкін (сөйлеу барысындағы эвфемизмдер). Бұл түсінікті нақты көркемдік мақсатта жаңаша беру тәсілі, яғни мұндай эвфемизмдер тілде бар сөздерге контекстік синоним ретінде пайдаланылады. Негізінен, бұл тек кеңейтілген контексте түсінікті болтын эвфемистік перифраздар. Олардың стилистикалық функциясы эвфемистік синонимдердің функциясымен бірдей, яғни шығарма авторына немесе кейіпкеріне қандай да бір себеппен дәрежі көрінетін сөздер мен тіркестерді жұмсарту.

Мысалы: ... *they think we have come by this horse in some dishonest manner* (Dickens). *Come by this horse in some dishonest manner* тіркесі "*we stole the horse*" тіркесінің эвфемистік перифразы болып табылады.

Уэллстың "*The Truth About Pyecraft*" әңгімесінде, *getting rid of fat* тіркесінің орнына автор *reducing weight* эвфемистік оралымын пайдаланады.

Сонымен қатар, перифраз сынды көркем әдеби эвфемизмдер аудару үшін алдымен түсінуді, декодтауды талап етеді. Әдетте бұл контекст арқылы шешіледі. Расында да, *altogether* сөзі ешқашан да «жалаңаш» деген мағына бермейді. Тек төменде келтірілген контексте ол осы мағынаға ие: "*Of course, there are many very nice models indeed*", – said the voice of Mrs. Tallents Small peace, "*I don't mean that they are necessarily at all – if they are girls of strong character, and especially if they don't sit for the – the altogether.*"

Осындай аударма барысындағы қиындықтар аудармашының коммуникативті – делдалдық қызметі, грамматикалық анықтамалар, қос тілді сөздіктер мен әртүрлі елдердің мәдениетін қамтитын оқулықтардың көмегімен шешіледі. Аудармашының коммуникативтік жағынан аудармасының табысты болуы көп жағдайда аудармашының аударма тәсілін, аударманың бірліктері мен стратегияларын дұрыс таңдауына байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аполлова, М. А. Specific English (грамматические трудности перевода). – Москва: Русский язык, 1977. – 91 с.
2. Паршин, А. Н. Теория и практика перевода. – Москва: Русский язык, 2000. – 161 с.
3. Ларин Б.А. Об эвфемизмах: Проблемы языкознания. – Л., 1961. – 154 с.
4. Beard H., Cerf C. The Official Politically Correct Dictionary and Handbook – Villard Books, New York, 1995, P.291
5. Кудрявцев А. Ю., Куропаткин Г.Д. Англо-русский словарь-справочник табуизированной лексики и эвфемизмов. – Москва, 1993. – 136 с.

УДК 81'253

ПОЭЗИЯНЫ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Санкубаева Акерке

pd_11_11@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бескемер А.

Түпнұсқаның жанрлық-стилистикалық ерекшеліктеріне қарай бөлінетін аудармалардың жанрлық-стилистикалық классификациясы аударманың екі негізгі түрінің пайда болуымен ерекшеленеді: көркем аударма (әдеби) және ақпараттық (арнайы) аударма [1].

Көркем аударма дегеніміз, негізгі қызметі аударма тілінде қабылдаушыға көркем-

эстетикалық тұрғыдан әсер ететін тілдік туындыны жасамдаудан көрінетін аударма әрекетінің түрі. Көркем аударма екі негізгі принципке ие. Олар: сөздік тұрғыдан дәл аударылған бірақ көркемдік тұрғысынан толыққанды болып саналмайтын аударма мен түпнұсқадан мүлдем тысқары, көркемдік заңдылықтары сақталған яғни ерікті аударма болып табылады. Бұл екі принциптің үнемі қарсы бағытта пайдаланылуы салдарынан олар екі түрлі көзқарастар жиынтығын қалыптастырған: аударманы лингвистикалық және әдеби тұрғыдан сараптау.

Лингвистикалық аударма, ең алдымен, түпнұсқаның формальді құрылымының аударма тілінде қалыптастырылуын талап етеді. Осының салдарынан, аударма мәтінін жасамдау барысында түпнұсқа мәтініне көп иек артылады да, тілдік қатынаста толыққанды, бірақ көркемдігі жағынан сапасыз туынды пайда болады. Мұндай жағдайларда мазмұн мен форма арасындағы қатынас бұзылады. Тікелей аударма түпнұсқаның эмоционалдық көңіл-күйін де әрдайым жеткізе бермейді, тікелей аудару тәсілі мен көркем аудару тәсілдерінің бір-біріне қарсы қойылатындығы да содан. Сондықтан, көркем аударма деп, аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне лингвистикалық тұрғыдан емес, эстетикалық түсінік жағынан сәйкес келетін аударма есептеледі.

Көркем аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы. Орта ғасырлардан бастап, қазақ әдебиетінде де шығыста бұрыннан белгілі сюжетті арқау ете отырып шығарма жазу дәстүрі болған. Оларды бүгінгі дәуірде қалыптасқан мағынада аударма деуге келмейді. Олар кейде еркін аударма деп саналғанмен, шынында төлтума шығарма сипатына ие болған. Шынайы аударма қалайда түпнұсқаға сәйкес болуы шарт. Көркем аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне орай дәлме- дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп ажыратылады.

Поэзия аудармасына қатысты негізгі міндеттердің бірі, бұл формальдік көзқарастан толықтай бас тартуға негізделеді. Осы міндет көптеген тіл мамандары мен аудармашылардың ойынша, (В.Н.Комиссаров, Е.В.Бреус, А.В.Бондарко), алдымен «көркем туындыны көркемдіктен тыс қабылдау», және, екіншіден, аударма процесіне шығармашылық процесс ретінде қатынас қалыптастырудан көрінеді. Бірақ аудармашының аса қырағы болғаны жөн, өйткені шығармашылыққа тым назар аудару, С.Я. Маршактың пікірі бойынша («аудару процесі барысында қағазға ғана емес, терезеге де қарап қойыңыз»)– негізгі дереккөзден тым алшақ кетіп, түпнұсқаға мүлде қатысы жоқ шығарманы туындатуы мүмкін. Аталмыш ереже абстрактілі көрінгенімен де, оның негізі аудармашы поэма не өлең шумақтарын аудару барысында толық мәнде танылады.

Поэтикалық аударманың негізгі ерекшеліктерінің қатарында оның шартты түрде ерікті сипаты, формаға қажетті саналатын, өлең формасының аударылуындағы қайтарулар, поэтикалық аударманы жүзеге асыру кезінде көп қиындықтар туындататын ұйқастар жүйесінің берілуі жатады.

Атақты филолог, ғалым М. Лозинскийдің пікірінше, шетел тіліндегі өлең шумақтарын өз тіліне аудару барысында, аудармашы өлеңнің құрамында күрделі элементтердің барлығын есепке алу керек, ал оның басты міндеті– өз тілінің қорынан түпнұсқада берілгендей толыққанды және күрделі, эмоционалдық бояумен әрленген байланысты табудан көрінеді [2].

Көркем аударманың ерекше түрі поэзияны аудару, яғни өлең жолдарын аудару болып табылады. М.Лозинскийдің «Өлең аударудың негізгі екі түрі бар» деген анықтамасына сүйенсек:

1.Қайта қалыптастырушы (формасы мен мазмұнына байланысты).

2.Жаңадан құрушы. Толыққандылық және нақтылықпен құрылған аударманы мүмкіндігінше көрсету. Осы екінші түрі жалғыз мүмкін түрі болып есептеледі.

Поэзияны аудару- көркем аударма ішіндегі ең қиыны және үлкен жауапкершілікті қажет ететін аударма түрі. Поэзияны аудару кезінде аудармашы аударған өлең жолдарын бірнеше қайта жөндейді және аудармашыға дұрыс аударма беруде көп уақыт қажет болады.

Өлшем, ырғақ, ұйқас, шумақ, қайырма және тағы да басқалар өлеңнің архитектуралық қаңқасын құрайды.

Мысалы, Абай Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін ағылшын тіліне аударғанда:

In the silent luminous night,
On the water the moon beams quiver
On the gully beyond the aul,
Tumultuous roars the river [3]

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп
Ауылдың маңы-терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп [4]

Бұл жерде өлең қатарлары мен ырғағы сай келеді және ұйқасының 1,3 қатарлардағы қазақ тіліндегі варианты сай болғанымен, ағылшын тіліндегі вариантында сай келмейді. Ағылшын тіліндегі артикльдер мен демеуліктердің көп қолданылуы өлең ырғағына әсер етеді.

Өлеңнің құрылысы ырғақ құру үшін негіз болады. Ал, өлеңнің ырғағы өлең қатарларының кезектесуі, буындардың екпінді және екпінсіз болып келуіне негізделген. Өлең қатарының бір екпінді және екі екпінсіз буыннан тұратын бөлігі шумақ деп аталады. Өлең ырғағының құрылуында пауза сияқты өлең қатарлары жатыр, олардың арасындағы буындардың бөлінуіне үлкен рөл атқарады. Өлең ырғағы шығарма мағынасына сәйкес құрылуы керек. Поэзиялық шығармаларда өлең жолдары, яғни шумақ, шығарманың мазмұны мен берілуін байланыстыратын басты фактор ретінде болады. Көптеген ғалым-зерттеушілерге және ақындарға шумақтың толықтығын «мәнді құрылым» ретінде мойындауға тура келеді. Шумақ, автордың ойын толықтырып, аяқтап тұрған, күрделі синтаксистік бірлік ретінде қарастырылады.

Шумақ, өлең жолдары өлеңнің құрылымы және олардың түпнұсқадағы ретін сақтамау, шығарманың жалпы стилін бұзуы мүмкін. Сондықтан, аудармада өлең жолдарын және ырғақты сақтау керек. Дегенмен, аудармада өлең жолдары, ырғақ сақталынса да, аударма тіліндегі сөздердің ұзақтығы немесе қысқалығы да үлкен рөл атқарады.

Мысалға, Абайдың «Сегіз аяғындағы»:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған... [4]

секілді тармақтардағы әр сөзді, әр суретті оқырман өздігінше қабылдап, өздігінше түсінеді. Оның түсінігіне сын айту орынсыз. Ал аудармашы бұл тармақтарды, олардағы әр сөзді, оның тиісті мағыналарын терең түсінуге, ғылыми негізделген жүйеде бағалауға міндетті. Бұл оңай жұмыс емес. «Алыстан сермеп» деген екі сөзден тұратын бір тармақтың мағынасын анықтаудың өзі аудармашы үшін үлкен қиындыққа түседі. Алыстан сермеудің иесі, дәлірек айтатын болсақ, осы тармақтағы қимылдың, істің иесі – «қызыл тіл». Ал тіл қалайша сермейді? Қалайша алыстан сермейді? Жалпы, тіл сермей ме? Сермесе нені сермейді? Міне, осындай сұрақтар туындайтыны заңды. Бұл сұрақтарға қалай жауап беруге болады? Оқырманның ойында мұндай сұрақтар тумайды, ол мұндай сұрақтарға жауап та іздеп жатпайды. Енді осы үш тармақты Том Боттинг ағылшын тіліне былай тәржімалайды:

You start your flight from a distance,
Impinging on the soul's resistance
You penetrate all existence. [3]

Мұны қазақ тіліне сөзбе-сөз кері аударғанда, мынадай мағына туады:

Сіз ұшуды алыстан бастайсыз,
Жанның қарсылығынан өтесіз,
Сіз барлық тіршілікке (болмысқа) жайыласыз (бойлайсыз).[4]

Кері аудармада көрініс тапқан мағына аудармашының ойындағы немесе аудармасындағы мағына толық сай келеді деп айта алмаймыз. Оның үстіне Т. Боттингтің аудармасының ағылшын тілді оқырмандары мәтіннен тыс, контексте ашылатын кейбір мағыналық реңктерді де түсініп, қабылдауы мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. Әйтсе де біз ұсынып отырған кері аудармада Т. Боттингтің аудармасының негізгі мағынасы дұрыс берілді деп білеміз. Осы тұрғыдан келгенде, Т. Боттингтің аудармасында түпнұсқаның мағынасы толық көрініс таппаған. Ақынның поэтикалық ойы ағылшын тілді оқырманға дұрыс жетпеген. Дегенмен осы жерде Т. Боттингтің Абай шығармасын түпнұсқадан емес, оның орыс тіліндегі аудармасынан аударып отырғанын ескеруге тура келеді. Ағылшын тіліндегі артық сөз қосулар түпнұсқаның көлемін ұлғайтып жіберген және толықтыру, орын ауыстыру сияқты трансформацияның түрлері пайдаланылған. Егер аудармашы алғашқы тармақта “start – бастау” етістігін және «сіз» есімдігін қоспай, өлеңді ағылшын тілінің ережесіне сәйкес есімшіден бастаса түпнұсқаның құрылымына онша зиян келмек еді. Мысалы, осы жолды есімше тұлғамен былай аударуға болады:

Flying from a distance...
Алыстан ұшып...

Және де тағы да бір өлең шумағын алатын болсақ:

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауат пен майдандасқан
Қайран менің жұртым мұз болмай ма? [4]

When I die, will not the damp earth,
Become my resting place.
My sharp tongue will become with shame,
like girls.
My poor heart, love and anger fought,
Will it not, poor thing, be turned into an ice block? [3]

Бұл жерде ақын философиялық тұжырымдарының айнасы, сол айнаны тіл құрылымымен көрсетуде теңеулерді пайдаланған және бұл қолданыстың ерекшелігі – теңеуді, әдеттегі тілдік амалындай жұрнақты немесе секілді (сияқты, тәрізді) сөздерін көп қолданбауы, ол теңеуді көбінесе тұжырым, констанция арқылы беретіндігі. Ал ағылшын тіліндегі аудармасында аудармашы барынша өлеңнің мағынасын ашуға тырысқан. Аудармашы күрделі теңеу емес, әдеттегі жұрнақты (like, as) теңеулер секілді қолданған осы өлеңде өткір тілмен ұялшақ қыз бейнесін шендестіру әдісімен бір-біріне қарама-қайшы алуы өте әсерлі.

Сонымен, поэзиялық аударманың басты ерекшелігі болып, оның шарты- екпінді болып келуі. Бұл қаншалықты поэзия аудармасының шартына қарама-қайшы болса да, прозалық аудармада тіл өзгешелігі, ерекшелігіне байланысты өзгерістер енгізуге болатын болса, онда да, өлеңнің қалпы талап ететін өлең аудармасында да өзгертулер енгізуге болады. Сондықтан, аудармашы алдымен ырғақ пен ұйқастықтың көлемін емес, оның қарым-қатынасын жеткізе білу керек. Кейбір жағдайларда түпнұсқа өлшемі және аударма элементтері бірдей, эстетикалық жағынан белгілі бір деңгейде болады. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, осы элементтердің барлығының да сақталуы аударманы адекватты етпейді.

Прозалық болсын, мейлі поэзиялық болсын, көркем аударма– ұлы өнер. Ал, өнер– шығармашылықтың нәтижесі. Ал шығармашылық болса, буквализмге негізделмейді және бағынбайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рсалиева Н.М. Аудармадан кеткен ағат атаулар. «Жалын» журналы, 2006, №12. Алматы: 38 б.
2. Абай энциклопедиясы – Алматы: Атамұра баспасы, 404б
3. Abay Poems \ Designed by Victor Christyakov. Moscow, 1971
4. Құнанбаев, Абай. Өлеңдер мен аудармалары I, II том – Алматы: Жазушы, 2002

УДК 81'373=811.512

ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ПЕРЕВОДА ПРОИЗВЕДЕНИЯ А.КУТУЯ НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Салихова Зулия Жавдатовна

sulija_salihova@mail.ru

Студент Казанского (Приволжского) федерального университета, Казань, Россия

Научный руководитель – Э. Н. Денмухаметова

В данной работе мы будем рассматривать особенности перевода и преобразования, которые используются для достижения семантико-стилистической адекватности при переводе художественных произведений, а именно в «Приключения Рустема»/ «Рөстәм мажаралары» А.Кутуя в переводе с татарского на русский язык. Перевод произведения выполнен Рустемом Кутуем – сыном автора.

Повесть «Приключения Рустема» одна из первых фантастических книг о пионере-герое. Данную повесть Аделъ Кутуй начал писать в 1944 году, но в июне 1945 его не стало и повесть осталась недописанной. В сюжете произведения лежит следующая история: в сознание Рустема – тринадцатилетнего мальчика запала бабушкина сказка. В одну ночь он идет в лес и находит там цветущий папоротник, после чего становится невидимкой. После этого он отправляется на фронт и становится партизаном.

Рустем Кутуй при переводе обращается к лексико-грамматическим трансформациям, т.е. изменениям формальных компонентов исходного текста при сохранении, предназначенной для передачи. При анализе перевода нами были выявлены следующие трансформации, такие как:

-конкретизация - применяют часто с тем, что в переводимом языке отсутствует слово со столь широким значением: *-Фронтка да барып эңитәр, күренә дә баилар, дошман аны бер минут эчендә юк итеп ташлар һәм ул, Рөстәм, үч алмыйча калыр.*-(86)-*Добравшись до фронта, он вдруг станет в какую-то минуту видим и враг его убьет.*(27) В данном примере переводчик *дошман аны бер минут эчендә юк итеп ташлар* (враг за минуту сотрет его с лица земли) передает данное выражение одним словом *удьет* по смыслу оно подходит и вбирает в себя всю суть.

Карт галим аларны төрле-төрле гөлләр, чәчәкләр, үсемлекләр белән тулган, хуш ис аңкып торган лабоаториядә кабул итте.(105)- *Старый академик принял их в лаборатории, похожей на сад.* (51); *Ике солдатның берсе- тинсә тимер өзәрлек таза, өкиятләрдәге батырлар шикелле эре сөякле, түгәрәк тыныч йөзле карт солдат иде.*(113)- *Пожилый солдат спокойно смотрел в небо.*(59); *Чәче коелган кеше хакында да, Богдановны күрә алмыйча китүе турында да аңа сөйлесе бар иде.*(97)- *Ждет, чтобы о многом рассказать- о Матвее Кузьмиче.*(44) По тексту мы знаем о ком идет речь, но Рустем Кутуй решил сделать акцент именно о ком хочет поговорить главный герой.